

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстандағы антиядролық экологиялық қозғалыстың құрылған жылы:

- A) 1989 ж.
- B) 1988 ж.
- C) 1987 ж.
- D) 1990 ж.
- E) 1991 ж.

2. Ұлы Отан соғысы жылдарында батыс облыстардан Қазақстанға көшіріп әкелінген өнеркәсіп орындарының саны:

- A) 220
- B) 120
- C) 140
- D) 400
- E) 320

3. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің Торғайдағы ошағында жасақтаушы отряд.... тұрды:

- A) 5 мың адамнан
- B) 30 мың адамнан
- C) 40 мың адамнан
- D) 50 мың адамнан
- E) 10 мың адамнан

4. Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің ең көп таралған аймағы

- A) Оңтүстік Қазақстан
- B) Орталық Қазақстан
- C) Батыс Қазақстан
- D) Солтүстік Қазақстан
- E) Жетісу

5. Андронов мәдениетінің алдыңғы кезеңі

- A) Атасу
- B) Беғазы-Дәндібай
- C) Тасмола
- D) Ботай
- E) Нұра

6. Vғ. ғұн басшысы құрған әлемге әйгілі мемлекет территориясы
- A) Болгария мен Чехия
 - B) Польша мен Дания
 - C) Германия мен Франция
 - D) Греция мен Италия
 - E) Румыния мен Венгрия
7. Халық саны 600 мың адамы бар тайпа
- A) Қаңлы
 - B) Ғұн
 - C) Үйсін
 - D) Сақ
 - E) Сармат
8. Түркеш қағанатының негізін қалаушы
- A) Үшлік
 - B) Бұмын
 - C) Мұқан
 - D) Сұлу
 - E) Иштеми
9. Ноғай Ордасы пайда болды
- A) Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде
 - B) Ақ Орданың гүлденуі кезінде
 - C) Монғол шапқыншылығы кезінде
 - D) Қыпшақ хандығы күйреуі кезінде
 - E) Моғолстанның күшеюі кезінде
10. Моғолстанның билеушісі
- A) Есенбұға
 - B) Сасы-Бұқа
 - C) Орыс хан
 - D) Едіге
 - E) Нұр ад-Дин
11. Ақ Орда құрылуына себеп болды
- A) Моғолстанның әлсіреуі
 - B) Шағатай ұлысының ыдырауы
 - C) Қыпшақ хандығының әлсіреуі
 - D) Алтын Орданың саяси тұтастығынан айырылуы
 - E) Ноғай Ордасының күйреуі

12. Өмірінің соңына қарай Ташкентті өзіне қаратқан хан

- A) Тәуке
- B) Жәңгір
- C) Есім
- D) Қасым
- E) Хакназар

13. Андрондықтардың антропологиялық бет-бейнесі

- A) Негроидтық
- B) Моңғолоидтық
- C) Еуропеоидтық
- D) Еуропеоидтық-моңғолоидтық
- E) Аралас

14. 1245 жылы араб графикасымен жазылған араб-қыпшақ сөздігі:

- A) «Терджуман түркі уа-араби»
- B) «Қисса Рабдизи»
- C) «Жүсіп-Зылиха»
- D) «Кодекс куманикус»
- E) «Риторика»

15. Халық аңыздарында қолбасшы, батыр, әскери тұқымынан шыққан жырау

- A) Сыпыра
- B) Қазтуған
- C) Доспамбет
- D) Бұқар
- E) Шалкиіз

16. Кенесары көтерілісі кезіндегі орыс патшасы:

- A) Николай I
- B) Елизавета
- C) Екатерина II
- D) Петр
- E) Павел

17. Патша үкіметі шекарааралық аймақтарда тұратын халықтың санын көбейту мақсатында 1760 жылы қоныстандырды:

- A) қалмақтарды
- B) татарларды
- C) қазақтарды
- D) башқұрттарды
- E) казактарды

18. Патшалық биліктің Қазақстандағы реформалары қазақ қоғамының ... әлсіреуіне алып келді.

- A) мәдени-рухани
- B) саяси және экономикалық
- C) саяси-әлеуметтік
- D) тарихи-мәдени
- E) әлеуметтік және мәдени

19. Қазақстан тарихының барлық басылымында Қазақстан Ресей құрамына түрлі себептерге байланысты өз еркімен енді, ал бұл оқиға қазақ халқын отарлық тәуелділікке душар еткенімен, түптеп келгенде, феодалдық мешеуліктен ілгерілеушілік жолына алып шықты деген тұжырым жасалынды. Бұл пікірге қарсы шыққан тарихшылар қудаланды.

- A) Е.Бекмаханов. Б.Сүлейменов, П.Галузо
- B) Л.Гумилев.Ә.Бөкейханов
- C) М.Қозыбаев. П.Галузо
- D) А.Нүсіпбеков. С.Сәдуақасов
- E) К.Нұрпейісов. М.Дулатов

20. Мәскеуде тарихшылар кеңесі қабылдаған тезисте: «кіші халықтарды үлкен елдердің жаулап немесе қосып алуының қай-қайсысы болмасын, объективті-прогресшіл факт (отарлау – объективті-прогресшіл құбылыс)», - деп атап көрсетілген:

- A) 1944 жылы 10 сәуірде
- B) 1945 жылы 10 сәуірде
- C) 1946 жылы 10 сәуірде
- D) 1949 жылы 15 маусымда
- E) 1948 жылы 12 сәуірде

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. ЮНЕСКО-ның шешімімен қазақтың ұлы ақыны мерейтойы тойланған

- A) Абай Құнанбаев
- B) Әлкей Марғұлан
- C) Жамбыл Жабаев
- D) Ахмет Байтұрсынов
- E) Әбілхан Қастеев
- F) Қаныш Сатпаев

22. 1993 ж. қарашада айналысқа енгізілген Теңге мемлекеттің Ұлттық валютасы:

- A) Қазақстанның
- B) Өзбекстанның
- C) Түрікменстанның
- D) Әзербайжанның
- E) Қырғызстанның
- F) Арменияның

23. 1952 ж. тарих ғылымдарының докторы Е. Бекмахановқа... айып тағылып, 25 жылға сотталды:

- A) «буржуазияшыл»
- B) «жапон шпионы»
- C) «алашшыл»
- D) «оңшыл»
- E) «халық жауы»
- F) «ұлтшыл»

24. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары

- A) А.Сергеев
- B) Т.Бигельдинов
- C) Ә.Молдағұлова
- D) М.Маметова
- E) С.Лановой
- F) А.Ахметов
- G) С.Сергазин
- H) С.Бутышева

25. 1995ж. Конституция бойынша жергілікті мемлекеттік органдар

- A) Сенат
- B) Мәжіліс
- C) Мәслихат
- D) Конституциялық Кеңес
- E) Әкімшілік
- F) Үкімет
- G) Сот

26. Қазақстанда КОКП ОК Бас Хатшысы М.С.Горбачев ұсынған жекешелендірудің I кезеңі аяқталды:

- A) 1994 ж.
- B) 1993 ж.
- C) 1995 ж.
- D) 1996 ж.
- E) 1997 ж.
- F) 1991 ж.

27. 1993 жылдың соңында құрылған саяси партиялар:

- A) Социалистік
- B) Аграрлық
- C) Коммунистік партия
- D) Нұр-Отан
- E) Қазақстанның Халық Конгресі
- F) Қазақстан халықтары Ассамблеясы

28. Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайлары өткен қалалар

- A) Алматы
- B) Ақтөбе
- C) Қостанай
- D) Астана
- E) Қарағанды
- F) Ақтау
- G) Түркістан
- H) Орал

29. Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы өтті:

- A) 1992 ж. қыркүйек, қазан айларында
- B) 1991 ж. қазан, қараша айларында
- C) 1992 жылы күзде
- D) 1994 ж. қыркүйек, қазан айларында
- E) 1995 жылы күзде
- F) 1996 ж. қазан, желтоқсан айларында

30. Қазақстанда Жоғарғы Кеңес ресми түрде таратылды:

- A) 1991 ж. 15 желтоқсанда
- B) 1992 ж. 7 мамырда
- C) 1993 ж. 13 желтоқсанда
- D) 1990 ж. 25 қазанда
- E) 1991 ж. 16 желтоқсанда
- F) 1992 ж. 2 наурызда

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ел астанасын Алматыдан Сарыарқа төсіне көшіру жөніндегі тарихи шешімі қазақ елінің тәуелсіздігін нығайту, болашағына кең жол ашу үшін іске асырылды. Астананы көшіру - Қазақстанды географиялық-саяси жағынан нығайтуға бағытталды.

Мемлекет басшысының астананы көшіру туралы тарихи шешімі елімізде тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайтуға жасалған өміршең қадам болды.

31. Астананы көшіру Қазақстанды ... қатынастарды нығайтуға бағытталды.

- A) географиялық-саяси
- B) қоғамдық-экономикалық
- C) мәдени-рухани
- D) халықаралық
- E) тарихи-мәдени

32. Мемлекет басшысының астананы көшіру туралы тарихи шешімі елімізде ... нығайтуға жасалған өміршең қадам болды.

- A) тұрақтылық пен этносаралық келісімді
- B) ұлтаралық қатынастарды
- C) қоғамдық-саяси қатынастарды
- D) рухани-мәдени келісімді
- E) халықаралық қатынастарды

33. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың шешімімен ел астанасы Сарыарқаға көшірілді:

- A) Алматы қаласынан
- B) Қызылорда қаласынан
- C) Семей қаласынан
- D) Талдықорған қаласынан
- E) Павлодар қаласынан

34. Ақмола қаласының ел астанасы болып жариялаған күн:

- A) 1997 жылғы 10 желтоқсан
- B) 1998 жылғы 6 шілде
- C) 1997 жылғы 10 қазан
- D) 1995 жылғы 30 тамыз
- E) 1996 жылғы 1 желтоқсан

35. Елбасының «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты

- A) 1997 жылы 20 қазанда
- B) 1997 жылы 10 қазанда
- C) 1998 жылы 6 шілдеде
- D) 1996 жылы 25 қазанда
- E) 1997 жылы 10 желтоқсанда

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Кеңестік заманда КСРО-ны мекендеген халықтардың қай-қайсысы болсын, сталиндік зорлық-зомбылықтан, геноцид пен этноцидтен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалған жоқ. Халықтарды күштеп қоныс аудару – біздің еліміздің өткен тарихының қайғылы беттерінің бірі.

36. Сталин қайтыс болғаннан кейін, заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды және басқа кеңес азаматтарын ақтау басталды:

- A) 1954-1956 жж.
- B) 1953-1957 жж.
- C) 1952-1953 жж.
- D) 1957-1959 жж.
- E) 1955-1958 жж.

37. 1943 жылғы 26 қазандағы бұйрық негізінде Қалмақ АКСР-інен келген 2,2 мың адам орналастырылған облыс:

- A) Қызылорда облысы
- B) Алматы облысы
- C) Көкшетау облысы
- D) Қарағанды облысы
- E) Семей облысы

38. 1936 жылы КСРО ХКК құпия қаулыларының негізінде Батыс Украинадан Қазақ АКСР-іне ... ұлттарын көшіріп-қоныстандыру басталды.

- A) поляк және неміс
- B) татар және башқұрт
- C) корей және жапон
- D) курд және түрік
- E) шешен және балқар

39. Қазақстандағы байларды тәркілеу барысында шамамен сыртқа көшірілген отбасы саны.

- A) 5 мың 500
- B) 4 мың 500
- C) 4 мың 200
- D) 5 мың 300
- E) 5 мың 100

40. «Депортация» сөзі латын тілінен аударғанда.... деген мағынаны білдіреді.

- A) «қуғындау», «көшіру»
- B) «басып алу»
- C) «тұтқынға алу»
- D) «тәркілеу»
- E) «ұжымдастыру»

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.